

Газды қыздыру арқылы гидраттардың түзілуінің алдын алады, бірақ бұл тек өнеркәсіп саласында ғана тиімді, себебі газ құбыр бойымен ағу барысында тез салқындайды.

Газ жинайтын жүйеге БАЗ –дарды енгізу гидрат кристалдарында түзілген қабықшалардың құбыр қабырғаларына жабысуын болдырмайды.

БАЗ мен кристаллогидраттар беттік қабатта коалесценцияланбайды және газ ағысымен бірге құбыр қабырғаларына жабыспай жеңіл тасымалданады.

Дегенмен түзілген гидраттарды жою мен алдын алудағы ең тиімді әдіс- газ құбырларына гидрат түзілудің спирттер және гликольдер сияқты ингибиторларын жіберу болып есептеледі.